



КЕЛІСІЛДІ
«Жол-көлік колледжі» МКҚК
директоры

Г. У. Исакова
« 15 » 01 2020ж.


БЕКІТЕМІН
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Х. А. Сарсенов
« 15 » 01 2020ж.

**«Жол – көлік колледжі» МКҚК-ның Қамқоршылық кеңесінің
2020 жылына арналған жұмыс
ЖОСПАРЫ**

№	Іс-шаралар	Өткізу мерзімі	Жауаптылар
1	Қамқоршылық кеңестің 2020 жылға арналған жұмыс жоспарын құру.	Қаңтар, 2020ж.	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
2	Қамқоршылық кеңесінің I мәжілісін өткізу.	Қаңтар, 2020ж.	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
3	Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне Қамқоршылық кеңестің бағыттары мен мақсаттарын таныстыру.	Қаңтар	Қамқоршылық кеңестің төрағасы
4	«Жас маман» жобасы шеңберінде алынатын құрал-жабдықтарды өндіріс базасындағы заманауи құрал-жабдықтарға сәйкес тапсырыс беру.	Қаржының бөліну мерзіміне сәйкес	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
5	Білім беру ұйымында «Жас маман» жобасы шеңберінде алынатын құрал-жабдықтарды онтайлы орналастыруды қадағалау.	-	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
6	Колледжді бітіруші топтардың Диплом қорғау және Диплом беру рәсімдеріне қатысу.	Ақпан, маусым 2020ж.	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
7	Наурыз мерекесін өткізуге арналған іс-шарада әлеуметтік жағдайы аз қамтылған отбасылардан шыққан және жетім, жартылай жетім студенттерге арнап дастархан жаю.	Наурыз, 2020ж.	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
8	«Тәрбие басы – тал бесік» топ жетекшілер апталығында «Әл Фараби мен Абайдың рухани сырласуы» тақырыбында өтетін іс-шараға атсалысу.	Сәуір, 2020ж.	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
9	Колледжде дәстүрлі түрде өтетін «Кәсіп үздігі» байқауына қатысу.	Сәуір, 2020ж.	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
10	Қамқоршылық кеңестің II мәжілісін өткізу.	Мамыр, 2020ж.	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
11	Әлеуметтік жағдайы төмен білім алушының білім алуына, тұрмыстық жағдайын жақсартуға қолдау жасау және көмек көрсету.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері

БЕКІТЕМІН

«Жол – көлік колледжі» МКҚК
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы

 Х.А.Сарсенов
« 15 » 101 2020ж.

**Жол – көлік колледжінің Қамқоршылық кеңесінің 2020 жылға арналған
Қамқоршылық кеңесінің мәжілістері**

№	Күн тәртібінде қаралатын мәселелер	Жауаптылар
15 қаңтар 2020 жыл		
I мәжіліс		
1	Қамқоршылық кеңестің 2020 жылға арналған жұмыс жоспарымен таныстыру.	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
2	Білім беру ұйымының жұмыс жоспарына сәйкес 2020 жылы атқарылатын жұмыстардың негізгі бағыт-бағдарларымен таныстыру.	Білім беру ұйымының басшысы
4	Білім беру ұйымдарында оқу бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында материалдық – техникалық базаны нығайту, жана техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету барысын қадағалау.	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
5	Әлеуметтік жағдайы төмен білім алушының білім алуына, тұрмыстық жағдайын жақсартуға қолдау жасау және көмек көрсету.	
6	Әр түрлі мәселелер	
27 мамыр 2020 жыл		
II мәжіліс		
1	Білім беру ұйымының 2020 жылдың қаңтар-сәуір айларында атқарған жұмысы туралы	Білім беру ұйымының басшысы
2	Жалпы орта білім беретін қала мектептерінде кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу мәселелері.	Колледж директорының ОІЖ орынбасары
3	Колледж базасында «WorldSkills Kazakhstan» ұлттық аймақтық чемпионатында «Жеңіл автокөліктерді жөндеу және қызмет көрсету», «Шанак жөндеу» құзіреттіліктері бойынша өткен байқаудың нәтижесімен танысу.	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
4	Колледждегі оқу-тәрбие жұмысын жан-жақты бақылауда ата-аналар мен колледж арасындағы байланысты күшейту, оқу процесімен жақын таныстыру және жаңартылған білім мазмұнындағы жаңалықтармен бөлісу мақсатында өткізілген «Ашық есік күнінің» нәтижесі	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
5	Әлеуметтік жағдайы төмен білім алушының білім алуына, тұрмыстық жағдайын жақсартуға қолдау жасау және көмек көрсету мәселесі	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
6	Әр түрлі мәселелер	Қамқоршылық кеңестің төрағасы
23 қыркүйек 2020 жыл		
III мәжіліс		
1	2019-2020 оқу жылының қорытындысы. 2020-2021 оқу жылының негізгі мақсаттары мен міндеттері.	Білім беру ұйымының басшысы

2	2020-2021 оқу жылына күндізгі бөлімге оқушылар қабылдау қорытындысымен танысу.	Білім беру ұйымының басшысы
3	Білім беру ұйымы жатақханасындағы студенттердің жағдайы туралы	Білім беру ұйымының басшысы
4	"Құндылықтарға негізделген білім беру" жобасы аясында өткізілетін колледжішілік іс-шаралар жоспарымен танысу.	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
5	Колледжде 2020-2021 оқу жылында қабылданған студенттердің әлеуметтік жағдайы туралы мәлімет беру.	Білім беру ұйымының әлеуметтік педагогі
6	Әр түрлі мәселелер	Қамқоршылық кеңестің төрағасы

24 желтоқсан 2020 жыл

IV мәжіліс

1	Білім беру ұйымының жұмыс жоспары бойынша 2019-2020 оқу жылының қорытындысы. Жаңа оқу жылында алға қойған мақсаттар мен міндеттер	Білім беру ұйымының басшысы
2	Колледж жатақханасына заманауи үлгіде жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстарының есебін тыңдау.	Білім беру ұйымының басшысы
3	2019-2020 оқу жылында мемлекеттік бюджеттен тұрмыс жағдайы төмен отбасынан шыққан білім алушыларға берілген қаржының таратылуы туралы	Білім беру ұйымының басшысы
4	Жыл бойы жасалған жұмыстарды сараптау, ұсыныс , пікірлер айту	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
5	Әр түрлі мәселелер	Қамқоршылық кеңестің төрағасы

Жол – көлік колледжі
Қамқоршылық кеңесінің кезекті мәжілісі

Хаттама № 1

15. 01.2020ж.

Шымкент

қаласы

Төраға: Х.А.Сарсенов

Хатшы: Г.С.Тажобекова

Қатыскандар: қамқоршылық кеңес мүшелері, колледж директоры Г.Ү.Искакова және директор орынбасарлары мен әлеуметтік педагог

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңестің 2020 жылға арналған жұмыс жоспарымен таныстыру.
Жауапты: Қамқоршылық кеңестің төрағасы
2. Білім беру ұйымының жұмыс жоспарына сәйкес 2020 жылы атқарылатын жұмыстардың негізгі бағыт-бағдарларымен таныстыру.
Жауапты: Білім беру ұйымының басшысы
3. Білім беру ұйымдарында оқу бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында материалдық – техникалық базаны нығайту, жаңа техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету барысын қадағалау.
Жауаптылар: Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
4. Әлеуметтік жағдайы төмен білім алушының білім алуына, тұрмыстық жағдайын жақсартуға қолдау жасау және көмек көрсету.
Жауапты: Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
5. Әр түрлі мәселелер.

1. Тындалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Х.А.Сарсенов кеңестің мәжілісін ашық деп жариялап, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша уақыт регламентін белгіледі және күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес мүшелері мен білім беру ұйымының тарапынан қатысып отырған колледж басшысы мен педагогикалық кеңес мүшелеріне Қамқоршылық кеңестің 2020 жылға арналған жұмыс жоспарымен таныстырды. Сонымен бірге білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы негізінде білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесі:

1) білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуына, сонымен қатар білім беру мекемелерінің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға;

2) білім беру ұйымының жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлеуге;

3) білім беру ұйымын дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдарды әзірлеуге;

4) қазақстандық азаматтардың отбасына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселелері жөнінде шараларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеуге;

5) Қамқоршылық кеңестің білім беру ұйымының жұмысында анықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізуге;

6) білім беру ұйымы қызметінің мәселелері бойынша конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысуға;

жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға мемлекеттің тарапынан тиісті қаржылай көмектің беріліп жатқанын, ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысы негізінде әлеуметтік көмекті қажет ететін тұл жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балалар: ДМ-191 тобының оқушысы В.Кошелев, ДМ-191 тобының оқушысы Н.Нұрғали, САД 9-191 тобының оқушысы А.Орынбасар, ДМ 9-191 тобының оқушысы У.Ақбаров, ДМ 9-191 тобының оқушысы М.Иванов АТУЖТ 9-181 тобының оқушысы Т.Тастан, ДМ -181 тобының оқушысы Д.Сейткерев, САД 9-171 тобының оқушысы Б.Арыстанбеков, АТУЖТ 9-171 тобының оқушысы Ұ.Шүкірбай, ДМ-181 тобының оқушысы Е.Каримов, ДМ-181 тобының оқушысы М.Қайбылда, ОПУЖТ -171 тобының оқушысы Р.Оразбек, ДМ-171 тобының оқушысы Қ.Жиенбай, АЭ 9-181 тобының оқушысы Е.Күрішбайға қыстық киіммен қамтамасыз ету үшін республикалық бюджеттен 78328 теңге (жетпіс сегіз мың үш жүз жиырма сегіз теңге) көлемінде қаржылай өтемақы берілгенін айта келе, жалпы колледжде көп балалы отбасыдан шыққан – 461 оқушы, әлеуметтік жағдайы аз қамтылған – 75 оқушы, тұл жетім – 14 оқушының бар екеніне тоқтала келе, олардың сабаққа қатысымы мен тәртібі колледж тарапынан үнемі қадағалауда, бақылауда болатынын айтып өтті.

5.Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Х.А.Сарсенов күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелер бойынша Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне Қамқоршылық кеңестің 2020 жылға арналған жұмыс жоспарында көрсетілген бағыттар мен алға қойған мақсаттар негізінде барлық өткізілетін іс-шараларға үлкен жауапкершілікпен қарап, өткізу қажеттігіне тоқтала келе, кеңес жұмысы жыл бойы үздіксіз жүргізілетінін айтты.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңес мәжілісінде айтылған барлық мәселелер ескерілсін.
2. Қамқоршылық кеңестің 2020 жылға арналған жұмыс жоспарында көрсетілген бағыттар өз деңгейінде жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

1. Арғынғазиев Бауыржан Батырғазыұлы
2. Қамбар Жани
3. Съездұлы Сәкен
4. Даурбаев Асылбек Абдрахманович
5. Нұрбекова Ұлжан Қасымбекқызы
6. Бүркіт Әуезхан Қантөреұлы -
7. Есіркепов Талғат Ерғалиұлы
8. Асанов Ерік Көбеевич

Мәжіліс төрағасы
Хатшы:



Х.А.Сарсенов
Г.С.Тажибекова

Жол – көлік колледжі

Қамқоршылық кеңестің қашықтықтан ZOOM бағдарламасы негізінде өткен
кезекті мәжілісі

Хаттама № 3

16.09.2020ж.

Шымкент қаласы

Төраға: Х.А.Сарсенов

Хатшы: Г. С.Тажобекова

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері және колледж директоры Г.Ү.Искакова,
директор орынбасарлары

Күн тәртібі:

1. 2020-2021 оқу жылының негізгі мақсаттары мен міндеттері
Жауапты: Г.Ү.Искакова
2. Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде "Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру" жобасын іске асыру мақсатында жұмысшы кадрларды және орта буын мамандарын даярлауды қамтамасыз етуге, аз қамтылған, көп балалы отбасылардың балалары және ауыл жастары - NEET санатындағы жастарды колледжге тарту мәселесіне атсалысу.
Жауапты: Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
3. "Құндылықтарға негізделген білім беру" жобасы аясында студенттерді бүкіл адамзаттың рухани байлығы мен мәдениетін білуге, түсінуге ықпал ететін барлық қалалық, колледжішілік іс-шараларға тарту.
Жауапты: Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
4. Колледжде "Білім-инновация" лицейлерінің тәжірибесі негізінде колледж бен ата-аналардың өзара іс-қимылының жаңа форматын қалыптастыру мақсатында колледжде оқу-тәрбие жұмысын жан-жақты бақылауда ата-аналар мен колледж арасындағы байланысты күшейту, оқу процесімен жақын таныстыру және жаңартылған білім мазмұнындағы жаңалықтармен бөлісу мақсатында «Ашық есік күнін» өткізуді ұйымдастыруға атсалысу.
Жауапты: Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
5. Білім беру ұйымының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстарды енгізу.
6. Әр түрлі мәселелер

1. Тындалды:

Х.А.Сарсенов - қамқоршылық кеңес төрағасы:

Қамқоршылық кеңес мәжілісіне қатысушыларды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа жетістіктер мен толағай табыстар тіледі және мәжілістің күн тәртібімен таныстырып, регламентті бекітті. Сонымен қатар бүгінгі Қамқоршылық кеңес мүшелерін қамқоршылық кеңес құрамының мүшесі – Есіркепов Талғат Ергалиұлының қазасы туралы хабардар етіп, қазасына ортақтасып, көңіл айтты және 4 курс ата-аналар комитетінің төрағасы, қамқоршылық кеңес мүшесі Нұрбекова Ұлжан Қасымбекқызының баласы колледжді бітіріп кеткендіктен, жеке өтініші бойынша мүшеліктен шығатынын мәлімдеп, өтініш жазғанын, осы бос орындарға жаңа мүшелерді сайлау үшін, қалалық білім басқармасының сайтына Қамқоршылық кеңес құрамына үміткерлерді қабылдауға хабарлама беру қажеттігін ескертті.

1.1. Тындалды:

Колледж директоры Г.Ү.Искакова күн тәртібіндегі бірінші мәселе 2020-2021 оқу жылының негізгі мақсаттары мен міндеттері жөнінде айтып өтті. Коронавирустық инфекцияның

жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарына да енгізілгенін, 2020-2021 оқу жылында арналған тәрбие жоспарында да осы жоба бойынша атқарылатын іс-шаралардың бар екенін, 1150 жылдығы аталып өтіп жатқан Әл-Фараби бабамыз: «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» дегендей, тәрбие жұмысын ақсатпау мақсатында көптеген жұмыстардың жүргізіліп жатқанын айтты. Елімізде орын алған төтенше жағдайға қарамастан колледж студенттері қалалық деңгейде өтіп жатқан іс-шаралар, сонымен қатар даталы күндерге арнап видеороликтер дайындағанын, өткізілген іс-шаралардың барлығы колледждің фейсбук желісіне жарияланып отыратынын, мысалы Ұлы ақын А.Құнанбаевтың 175 жылдығына оқу топтары арасында арнайы эстафета ұйымдастырылғанын, т.б. көптеген іс-шаралардың жоғары деңгейде өткізіліп жатқанын айтып өтті.

4.Тыңдалды: Қамқоршылық кеңес мүшесі, ата-аналар комитетінің төрағасы А.Бүркіт күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша өз пікірін білдіріп өтті. Колледжде "Білім-инновация" лицейлерінің тәжірибесі негізінде колледж бен ата-аналардың өзара іс-қимылының жаңа форматын қалыптастыру мақсатында жаңа оқу жылының басында колледж директорының қатысуымен ата-аналар жиналысының өткенін, онда колледжде оқу-тәрбие жұмысын жан-жақты бақылау, ата-аналар мен колледж арасындағы байланысты күшейту, оқу процесімен жақын таныстыру және жаңартылған білім мазмұнындағы жаңалықтармен бөлісу мақсатында маңызды мәселелердің айтылғанын, қашықтықтан білім алып жатқан студенттер мен олардың ата-аналары үшін керек ақпараттардың берілгенін, оқу топтарының топ жетекшілері тарапынан да түсіндіру жұмыстарының толыққанды жүргізіліп жатқанын айтып, 2020-2021 оқу жылында төтенше жағдайға байланысты білім беру ұйымдары қашықтықтан оқыту жүйесіне көшкен кезеңде қиындықтарға қарамастан дұрыс ұйымдастыру жұмыстарының жүргізіліп, оқу-тәрбие процесінің жоғары деңгейде ұйымдастырылып жатқанына тоқталып, колледж директоры Г.Ү.Искаковаға өз ризашылығын білдірді.

5. Тыңдалды:


Х.А.Сарсенов - қамқоршылық кеңес төрағасы
Күн тәртібіндегі бесінші мәселе - білім беру ұйымының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстарды енгізу мәселесіне байланысты колледжде басшының талапшылығы мен жоғары деңгейде ұйымдастырушылық қасиетінің арқасында білім беру ұйымында атқарылуы тиіс барлық жұмыстар өз деңгейінде ұйымдастырылып, талапқа сай жұмыстардың жүргізіліп жатқанын айтып өтті және ары қарай да алға қойған мақсаттар мен міндеттер және колледждің жұмыс жоспарына сәйкес үздіксіз жұмыс жүргізілетініне сенім білдірді.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңес мәжілісінде айтылған барлық мәселелер ескерілсін.
2. Қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша колледждегі оқу-тәрбие процесіне қатысты барлық жұмыстар өз деңгейінде талапқа сай жүргізілсін.
Жауапкершілік білім беру ұйымы басшысына жүктелсін.
3. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберіндегі «Еңбек» бағдарламасы бойынша жұмысшы мамандығына қабылданған студенттердің қозғалысы назарға алынсын.
Жауапкершілік директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары Е.Е.Абдираимовқа жүктелсін..
4. "Құндылықтарға негізделген білім беру" жобасы аясында тәрбие процесі бойынша жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін. *Жауапкершілік директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Р.Ешимовқа жүктелсін..*

5. Қамқоршылық кеңестің 2020 жылға арналған жұмыс жоспарында көрсетілген бағыттар өз деңгейінде жүргізілсін. Жауапкершілік Қамқоршылық кеңес мүшелеріне жүктелсін.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

1. Арғынғазиев Бауыржан Батырғазыұлы - 
2. Қамбар Жани - 
3. Съездұлы Сәкен - 
4. Даурбаев Асылбек Абдрахманович - 
5. Бүркіт Әуезхан Қантөреұлы - 
6. Асанов Ерік Көбеевич - 

Мәжіліс төрағасы



Х.А.Сарсенов

Хатшы:



Г.С.Тажобекова

Жол - көлік колледжі

ХАТТАМА №4
22.12.2020ж.

Шымкент қаласы

Қамқоршылық кеңес мәжілісі

Кеңес төрағасы - Х.А.Сарсенов

Хатшы - Г.С.Тажибекова

Қатысқандар:

Жол-көлік колледжі директорының у.м.а А.Б.Акмұлдаев

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

1. Арғынғазиев Бауыржан Батырғазыұлы
2. Съездұлы Сәкен
3. Даурбаев Асылбек Абдрахманович
4. Қамбар Жани
5. Қабылбекова Сандугаш Жақыпбековна
6. Бүркіт Әуезхан Қантөреұлы
7. Дабылова Марал Аллабергенқызы
8. Асанов Ерік Көбеевич

Күн тәртібінде

1. Білім беру ұйымының 2020 жылы атқарған қорытынды есебін тыңдау және 2021 жылға алға қойылған міндеттер мен максаттар туралы.
2. Колледж жатақханасына заманауи үлгіде жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстарының есебін тыңдау
3. Әлеуметтік жағдайы төмен білім алушының білім алуына, тұрмыстық жағдайын жақсартуға қолдау жасау және көмек көрсету туралы
4. Әр түрлі мәселелер

1. Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Сарсенов Хайрулла Амантаевич кеңестің мәжілісін ашық деп жариялап, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша уақыт регламентін белгіледі және 2020 жылы колледжде қамқоршылық кеңесінің атқарып жатқан жұмыстарын баяндай келе, білім беру ұйымының басшысы міндетін уақытша атқарушы А.Б.Акмұлдаевқа күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз берді.

1.1. Тыңдалды:

Колледж директорының у.м.а А.Б.Акмұлдаев оқу жылының басында, оқу процесін жүргізу және ұйымдастыру бағыттары бойынша барлық циклдік комиссиялардың жоспарлары түзілгенін, сондай-ақ, колледжге жанадан қабылданған жас оқытушылар және ирженер-педагогтарға арналған «Жас мамандармен жұмыс» жоспары және жас оқытушыларға тәлімгерлер тағайындалып, олардың жас оқытушылармен жүргізілетін жұмыс жоспарлары да құрылып, бекітілгенін, коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру бойынша 27.08.2020ж. күні онлайн форматта ЗУМ бағдарламасы арқылы семинар-кеңес өткенін, аталмыш семинарда ЗУМ бағдарламасы арқылы сабақ өтуді дұрыс ұйымдастыру, т.б. мәліметтер берілгенін айта келе, атқарылған жұмыстарды атап көрсетті:

- **25.09.2020ж. күні** «Жас оқытушылармен жұмыс» жүргізу бойынша бірінші семинары офлайн форматта өткізіліп, оқу процесіне қатысты құжаттарды жасаудың жолдары мен ерекшеліктері жайлы толық, жан-жақты мәліметтер берілгенін;
- **5 қыркүйек** «Қазақстан халқы тілдері күні» мерекесіне орай қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін қалыптастыру, қолданылу аясын кеңейту және де өзге тілдерді еркін меңгеру, оны құрметтеуге баулу мақсатында Тіл пәндері циклдік комиссия оқытушыларының

Жол – көлік колледжі

Қамқоршылық кеңесінің қашықтықтан ZOOM бағдарламасы негізінде өткен кезекті мәжілісі

Хаттама № 2

27.05.2020ж.

Шымкент

қаласы

Төраға: Х.А.Сарсенов

Хатшы: Г.С.Тажобекова

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері, колледж директоры Г.Ү.Искакова және директор орынбасарлары мен әлеуметтік педагог

Күн тәртібі:

1. Білім беру ұйымының 2020 жылдың қаңтар-сәуір айларында атқарған жұмысы туралы
Жауапты: Білім беру ұйымының басшысы
2. Жалпы орта білім беретін қала мектептерінде кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу мәселелері
Жауапты: Колледж директорының ОІЖ орынбасары
3. Колледждегі оқу-тәрбие жұмысын жан-жақты бақылауда ата-аналар мен колледж арасындағы байланысты күшейту, қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар барысын, оқу процесімен жақын таныстыру және жаңартылған білім мазмұнындағы жаңалықтармен бөлісу туралы
Жауаптылар: Қамқоршылық кеңестің мүшелері
4. Әлеуметтік жағдайы төмен білім алушының білім алуына, тұрмыстық жағдайын жақсартуға қолдау жасау және көмек көрсету.
Жауапты: Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
5. Өр түрлі мәселелер.

1. Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Х.А.Сарсенов елімізде орын алып жатқан төтенше жағдайға байланысты қашықтықтан өткізілген қамқоршылық кеңестің мәжілісін ашық деп жариялап, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша уақыт регламентін белгіледі және күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша білім беру ұйымының 2020 жылдың қаңтар-сәуір айларында атқарған жұмысы туралы қамқоршылық кеңес мүшелері колледж директоры Г.Ү.Искакованың мәліметімен танысты.

1.1. Тыңдалды: Колледж директоры Г.Ү.Искакова 2019- 2020 оқу жылының бүгінгі күнге колледждің бірыңғай жоспарына сәйкес атқарылған жұмыстарды қорытындылай отырып, елімізде орын алып жатқан төтенше жағдайға байланысты қашықтықтан оқыту жүйесіне көшу барысында алғашқы бастамаларында біршама қиындықтардың орын алғанын, соған қарамастан барлық тиісті шаралардың дер кезінде қабылданып, оқу –тәрбие процесіне қатысты жұмыстар мен барлық іс-шаралар өз деңгейінде орындалып жатқаны жөнінде мәлімет беріп өтті. Төтенше жағдай жарияланған 16 наурыздан бастап, колледждегі оқу процесі түгелдей қашықтықтан оқыту жүйесіне көшірілгенін, қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша күнделікті сабақ кестесіне сәйкес оқытушылар өз сабақтарын COLLEGE SmartNation сайтына жүктеп, студенттермен кері байланысқа шығып отырғанын, сонымен қатар оқытушылар өз пәндері бойынша бейнесабактар әзірлеп, студенттер назарына ұсынып отырды. Қазіргі таңда оқытушылардың дайындаған 50-ден аса бейнесабактары фейсбук желісіне жарияланғанын




5.Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Х.А.Сарсенов күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелер бойынша Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне Қамқоршылық кеңестің 2020 жылға арналған жұмыс жоспарында көрсетілген бағыттар мен алға қойған мақсаттар негізінде барлық өткізілетін іс-шараларға үлкен жауапкершілікпен қарап, өткізу қажеттігіне тоқтала келе, кеңес жұмысы жыл бойы үздіксіз жүргізілетінін айтты.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңес мәжілісінде айтылған барлық мәселелер ескерілсін.
2. Қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша колледждегі оқу-тәрбие процесіне қатысты барлық жұмыстар өз деңгейінде талапқа сай жүргізілсін.
Жауапкершілік директор орынбасарларына жүктелсін.
3. ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы бекітілген №64 қаулысына сәйкес, колледж студенттерін жергілікті атқару органы тарапынан берілетін қаржылай және материалдық көмек алатын балалар тізіміне енгізуге берілген Қамқоршылық кеңес мүшелері тарапынан берілген ұсыныс қабылдансын.
4. Қамқоршылық кеңес мәжілісінде колледж оқытушыларын марапаттау туралы қабылданған Ұсыныс Шымкент қалалық білім басқармасына жолдансын.
5. Қамқоршылық кеңестің 2020 жылға арналған жұмыс жоспарында көрсетілген бағыттар өз деңгейінде жүргізілсін. *Жауапкершілік Қамқоршылық кеңес мүшелеріне жүктелсін.*

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

1. Арғынғазиев Бауыржан Батырғазыұлы 
2. Қамбар Жани 
3. Съездұлы Сәкен 
4. Даурбаев Асылбек Абдрахманович 
5. Нұрбекова Ұлжан Қасымбекқызы 
6. Бүркіт Әуезхан Қантөреұлы 
7. Есіркепов Талғат Ерғалиұлы 
8. Асанов Ерік Көбеевич 

Мәжіліс төрағасы  Х.А.Сарсенов

Хатшы:



Г.С.Тажибекова